

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау
министрлігі



Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту
министрлігі

2024 жылғы «29» ақпанда
№ 109

2024 жылғы «1» наурыз
№ 51

**Қазақстан Республикасында мектеп жасындағы балалардың денсаулығын
нығайту жөніндегі 2024 – 2026 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын
бекіту туралы
БІРЛЕСКЕН БҰЙРЫҒЫ**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 17 ақпандағы № 71 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі туралы Ереженің 15-тармағының 1) және 9) тармақшылығына, тармақшаларына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 19 тамыздағы № 581 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Білім министрлігі туралы Ереженің 15-тармағының 2) және 93) тармақшаларына сәйкес Қазақстан Республикасында мектеп жасындағы балалардың денсаулығын нығайту жөніндегі 2024-2026 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы мектеп жасындағы балалардың денсаулығын нығайту мақсатында **БҰЙЫРАМЫЗ:**

1. Осы бірлескен бұйрыққа қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасында мектеп жасындағы балалардың денсаулығын нығайту жөніндегі 2024 – 2026 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары (бұдан әрі – Жоспар) бекітілсін.

2. Жоспарды іске асыру жөніндегі жұмысты үйлестіретін орталықтар болып Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық орталығы» ШЖҚ РМК (бұдан әрі – ҚДСҰО), «Өркен» балалардың әл-ауқатын арттыру ұлттық ғылыми-практикалық институты» КеАҚ (келісу бойынша) айқындалсын.

3. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары (келісу бойынша):

- 1) Жоспарды белгіленген мерзімде іске асыруды;
- 2) Жоспардың орындалуы туралы ақпаратты ҚДСҰО-ға тоқсан сайын есепті кезеңнен кейінгі 10-күннен кешіктірмей ұсынуды қамтамасыз ету;

4. ҚДСҰО тоқсан сайын есепті кезеңнен кейінгі 15-күннен кешіктірмей Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігіне, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігіне есеп ұсына отырып, Жоспардың орындалуына мониторинг пен талдау жүргізуді қамтамасыз етсін;

5. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін денсаулық сақтау және оқу-ағарту вице-министрлеріне жүктелсін;

6. Осы бірлескен бұйрық мемлекеттік органдар басшыларының соңғысы қол қойған күннен бастап күшіне енеді.



Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрі
А. Әлназарова

2024 жылғы « »



Қазақстан Республикасының
Оқу-ағарту министрі

Ғ. Бейсембаев

2024 жылғы « »